



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20____ жылғы _____

№ _____

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу
саласындағы заңнаманың қолданылуын бақылауды және прокурорлық
қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының
2012 жылғы 2 наурыздағы № 19 бұйрығы
күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 44-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, 50-бабының 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы заңнаманың қолданылуын бақылауды және прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 2 наурыздағы № 19 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7490 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты орындау үшін мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ. Нұрдәулетов